

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Банктің жарияланған акцияларын сатып алу мәселелері бойынша кейбір нормативтік құқықтық актілерге толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 29 қазандағы N 161 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 9 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5389 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 29 ақпандағы № 76 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.02.2016 № 76 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы Заңының 17-2-бабын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :**

1. Агенттік Басқармасының "Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді, акцияларды орналастыру және акциялар шығарылымын жою қорытындысы туралы есепті бекіту" 2005 жылғы 30 шілдедегі N 268 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3832 тіркелген), "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді, акцияларды орналастыру және акциялар шығарылымын жою қорытындысы туралы есепті бекіту және " Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, акцияларды орналастыру және акциялар шығарылымын жою қорытындысы жөніндегі есепті бекіту ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 4 шілдедегі N 217 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 25 маусымдағы N 217 қаулысына және "Бағалы қағаздарды ұстаушылар жүйесін енгізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16

ақпандағы N 32 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2005 жылғы 30 шілдедегі N 268 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 25 наурыздағы N 73 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4214 тіркелген), "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді, акцияларды орналастыру және акциялар шығарылымын жою қорытындысы туралы есепті бекіту" 2005 жылғы 30 шілдедегі N 268 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2007 жылғы 30 сәуірдегі N 109 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4738 тіркелген), "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестендіру нөмірлері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 28 мамырдағы N 155 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4803 тіркелген, 2007 жылдың шілде-тамызда Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдардың актілер жинағында жарияланған) Агенттік Басқармасының қаулыларымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен бірге мынадай толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту және акциялар шығарылымын жою ережесінде:

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Уәкілетті орган банктің жарияланған орналастырылмаған немесе сатып алынған акциялары болмаған не "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы Заңы ның (бұдан әрі – Банктер туралы Заң) 17-2-бабында көзделген жағдайларда олардың саны жетпеген кезде, банктің жарияланған акцияларды сатып алу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде осы шешімді Қазақстан Республикасы Үкіметі қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде:

1) акциялар шығарылымы проспектісіндегі банктің жарияланған акциялар санының және олардың түрлерінің өсіру бөлігіне өзгерістер енгізеді (мемлекеттік және орыс тілдерінде 2 (екі) данада);

2) акциялар шығарылымы проспектісіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың бір данасын және акциялар санын, түрлерін (мемлекеттік және орыс тілдерінде) көрсете отырып, оларды мемлекеттік тіркеу құжатының бір данасын банкке береді;

3) акцияларды мемлекеттік тіркеу туралы құжаттың көшірмесін қоса беріп, жарияланған акциялар санын өсіру туралы тіркеушінің және орталық депозитарийдің хабардар етеді.

Банк акцияларды мемлекеттік тіркеу туралы куәлігін алған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күні ішінде уәкілетті органға акцияларды мемлекеттік тіркеу туралы осының алдында берілген куәліктің түпнұсқасын қайтарады және қоғамның қаржы есебінсіз Acrobat Reader форматындағы электрондық тасымалдағыштағы оған енгізілген өзгерістері мен толықтырулары бар акциялар шығарылымы проспектісін (мемлекеттік және орыс тілдерінде) береді.";

1-қосымшаның 51-тармағы мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Уәкілетті органның банктің акциялар шығарылымы проспектісіне Банктер туралы Заңның 17-2-бабы негізінде жарияланған акциялардың саны өскен жағдайларындағы енгізген өзгерістері мен толықтыруларына уәкілетті органның бірінші басшысы не оның орынбасары қолқояды және олармен расталады.";

2-қосымшаның 8-тармағында:

3) тармақшасы "қоғамның директорлар кеңесінің" деген сөздерден кейін "(Банктер туралы Заңның 17-2-бабы негізінде жарияланған акциялардың саны өскен жағдайын қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) Банктер туралы Заңның 17-2-бабы негізінде банктің жарияланған акцияларын сатып алу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімін қабылдағаны күн";

2. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2014.08.27 № 167 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Лицензиялау департаменті (Н.Қ. Қасқаманова):

1) Заң департаментімен (Н.В.Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жіберсін.

5. Агенттіктің Төрайым қызметі (Кенже А.А.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары
М.Б. Байсыновқа жүктелсін.

Төрайым

Е. Бахмутова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК